	«Марғау қыс мезгіліне қалай таңғалды?» (Әңгіме құрау). **Міндеті:** балалардың қыс туралы түсінігін кеңейту, қысқы табиғаттағы әсемдікті көре білуге, сезінуге үйрету.қысқы табиғат көріністері жайында әңгімелесу. балаларға жұмбақ шешкізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлем құрату арқылы сөздік қорларын молайту. **Жұмбақ** Еріксе, құйрығымен ойнайды, Зеріксе, үйқыға бір тоймайды. (Мысық) **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны.** Міндеті. Балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы,	**«Қуыршақты серуенге шығару үшін киіндіреміз»** (дидактикалық ойын). **Міндеті:** дидактикалық ойындарды ойната отырып, балалардың сөздік қорын байыту,киім түрлерін ажырату, атай білуге, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету. киім түрлерін ажырату, атай білу; Педагог балаларға қуыршақ Маратты серуенге киіндіруді ұсынады. Маратты серуенге шығару үшін қалай киіндіреміз? – Жейде, шалбар, жемпір, малақай, тон, етік. «Т» дыбысының дұрыс, анық айтылуына мән беру. Тон – иленген қой терісінен жүнін ішіне қаратып тіккен жылы сырт киім. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Сергіту сәті:** Санайық жаңаша,	**«Алтын балық» ертегісі** **Міндеті:** табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын жетілдіру. Аквариумда тіршілік ететін алтын балық туралы түсіндіру. Балықты қалай қоректендіру керектігін түсіндіру және көрсету арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жанды табиғат мүшелеріне қамқор болуға тәрбиелеу **Жұмбақ** – Сусыз өмір сүре алмайды, Аяғы жоқ, жүре алмайды. (Балық) **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Дидактикалық ойын «Айтшы қандай?»** **Міндеті:** Балаларды заттын белгілерін анықтауға үйрету Шарты: Тәрбиеші (немесе бала) қоропшаның ішінен, заттарды алып шығады,	**Табиғат бұрышындағы құстарды бақылау**. **Міндеті:** балаларды жанды табиғат өкілдерімен таныстыруды жалғастыру. Табиғат бұрышындағы құстың ерекшіліктерімен таныстыру;.Сөздік қорларын «құстың жүні, мамығы», «қанат» деген сөздермен толықтыру. ***Әңгіме өткізу.*** Балалардан тотықұс туралы білетіндерін сұрайды. Балалардың жауаптарын тыңдап болған соң, тотықұс туралы ақпарат береді. Тотықұс – құйрығы қысқа, түрлі түсті құс. Ол Африка, Америка және Аустралияда тіршілік етеді. Адамдар оны қолға үйретіп, торда ұстайды. Сөйлейтін тотықұстар да бар. Олар сенің айтқаныңды қайталайды. Тотықұстың қанаттарын, тұмсығын, аяқтарын көрсетіп,	**«Шана тебеміз» (әңгіме құрау)** **Міндеті:** ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білуге, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға сөздерге қызығушылығын арттыру, зейінін жетілдіру, балалардың сөздік қорына антонимдер – мағынасы қарама-қарсы сөздерді енгізуге үйрету, шағын тақпақтарды жаттату. **Қ. Мырза Әлидің «Шана» өлеңі** Қыр басына шарқ ұрып, Бір орнында тұрмаймыз. Шана сүйреп барамыз, Қырдан төмен ағамыз. Қалдық тіпті алқынып,

	үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету. **(математика негіздері)** **«Мұздатамын» дидактикалық ойыны** **Міндеті:** балаллардың ойлау қабілетін дамыту. **Шарты:** Балалар педагогтің нұсқауымен дене мүшелерін (аяқ, қол, бет, мұрын) суықтан сақтау. Ептілік, шапшаңдыққа баулу. (Педагог қолындағы таяқшасын балалардың аяғына жақындатып, аяқтарыңды мұздатамын десе, балалар тез арада аяқтарын жасыра қояды) ойын осылай жалғастырылады. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **«Марғауға арналған үйшік» топтық жұмыс** **Міндеті:** Қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге баулу. **(сурет салу)** **Мияубике-Бағираш. Мысық туралы ән.**	Бір, екі, үш! Желбіре, жалауша, Достықта біздің күш! **(дене шынықтыру)** **«Қыстық киімдерді ата» дидактикалық ойыны** **Міндеті:** Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету. заттарды ажырата білуге үйрету, сөздік қорын дамыту. **Шарты:** қыстық киімдерді ретімен атау. (Тон, жемпір, малақай, етік, қолғап) Жеке жұмысты қажет ететін балалардан «Т» дыбысын дұрыс айтуды қайталату. *Тон – шуба, малақай – ушанка* сөздерін қайталайды. «Т» дыбысын бірнеше рет қайталап айтады. Саусақтарын біріктіріп, үшке дейін санайды. Қыстық киімдерді ретімен атайды.	балалар заттын атауы мен белгісін айтады. Мысалы: Мынау-әтеш. Әтеш дауыстап ән айтады, құйрығы, мен айдары әдемі. Балық - жүзеді **«Аквариум» топтық жұмыс** **Міндеті:** Қоршаған әлемнің әсемдігіне, эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. **(сурет салу)** **"Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы.** Міндеті. Мнемокарта бойынша дөңгелек пішінге ұқсас заттарды қазақ тілінде дұрыс атауды дағдыландыру. **(математика негіздері)**	олардың атқаратын қызметімен таныстырады. Мысалы, қанаттары ұшу үшін, тұмсығы қорегін шоқып жеу үшін, аяқтары жүру және бұтаққа қонып отыру үшін керек. – Кәне, тотықұсқа жем беріп, ол жемді қалай шоқып жейтінін көрейік. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Айтамын бір жұмбақты сізге нұсқап, Басына бөрік киер, құндыз ұстап. (Тотықұс) **(Көркем әдебиет)** ***Сергіту жаттығуы*** Кәне, қанат жазайық, Тоты болып ұшайық. Ұшып-ұшып алайық, Қайта келіп қонайық. **(дене шынықтыру)** **Дидактикалық ойын: «Үлкен-кіші»** **Міндеті:** Үлкен- кіші ұғымдарды білуге үйрету. Көлемдері әр түрлі кірпілердің (үлкен,кіші),	Ұшқан құстай зулаймыз, Қандай ауыр шанамыз?! Қандай жеңіл шанамыз?! **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Сергіту сәті:** Боран соқты оң жақтан, Боран соқты сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан. ***(Дене шынықтыру)*** **Дидактикалық ойын: «Балаларды киіндір»** **Міндеті:** Түрлі киім атауларын (пальто, етік, құлақшын т.б.) атап айтуға үйрету, сөздік қорын кеңейту, ұл бала мен қыз баланың киімін ажырата білуге үйрету.

	https://youtu.be/RRkB2U-WHf8 **(Музыка)**	**(қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** **«Қолғап» жеке жұмыс** көп түсті құрылым құрастыру; Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Заттық мүсіндеу: сазбалшықтың, қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға біріктіру білігін жетілдіру. желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу, **(сурет салу, жапсыру)** **Дидактикалық ойын: «Түрлі-түсті мысықтар»** **Міндеті:** балаларда түсті қабылдауды дамыту. Көрнекі зейін мен есте сақтаудың дамуына ықпал ету. **Шарты:** балалар суреттерге қарап пішіндерді мысықтардың		көлемдеріне сәйкес алмаларын, саңырауқұлақтарын тауып орналастыруды үйрету. Көрнекі құралдар: Көлемдері әр түрлі кірпілер (үлкен, кіші), алма, саңырауқұлықтар. **(математика негіздері)** **«Құстарға арналған тор»** көп түсті құрылым құрастыру; Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Заттық мүсіндеу: сазбалшықтың, қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға біріктіру білігін жетілдіру. желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу. **(сурет салу, жапсыру)**	Көрнекі құралдар: Әртүрлі киімдердің суреттері. **Шарты:** үлестірмелі материалдарды пайдаланып, балаларға қыстық киімдерді атап, суреттегі ұл және қыз баланың киімдерін тапқызу, оларды сызықпен қосу арқылы киіндіру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **«Менің түрлі түсті шанам»** **Міндеті:** көп түсті құрылым құрастыру; Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Заттық мүсіндеу: сазбалшықтың, қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. алақандарының арасында,

		түсіне қарап орналастырады. Түрлі түсті мысықтар, Төбеге құлайды. Түрлі түсті мысықтар: Қара, ақ, сұр, қызыл, Көк және жолақты, Тіпті кішкентай мысықтар. Аналар боғысы келмейді, Барлығы бірдей! Егер балалар болса, қандай қуаныш, Барлығы болады-бір түсті ме? ** Түрлі түсті мысықтар, Бізбен бірге жасырынып ойнадық. Олар бірге ептілікпен секіреді, Жолақты, қызыл, қара. Қызыл-анама, Қара-Әкеге, Ал кімде жолақ? Әрине, мысық апайға Ия, және әжеге аздап. **(Математика негіздері)** **«Кір бала» әні** https://youtu.be/aaQ-XFpvF8Y **(Музыка)**			жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға біріктіру білігін жетілдіру. желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу, **(сурет салу)** **"Автобуста кім бар?" ойын-жаттығуы.** **Міндеті:** Автобуста бар адамдардың орнын анықтау, атауларын пысықтау. Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету. **(Математика негіздері)**

Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) **«Біз киініп үйренеміз» әңгіме** **Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. (көркем әдебиет) **«Дұрыс-бұрыс» ойыны** Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше?. Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! (сөйлеуді дамыту)				
Серуен	**Бақылау: Күз мезгілінде желді бақылау** **Мақсаты**: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Әңгімелесу арқылы балалардың тілін дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)** **Еңбек**: Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау. **Мақсаты:** тазалыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **(еңбек қызметі)** **Жеке жұмыс** **Көркем сөз:** Тақпақ оқу «Желді күн» (Ж. Смақов) Гу-гу,гу-гу шықты Желдетті де бұлт қуды Жел соққан соң Жел тіпті	**Бақылау: Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау.** Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу. **(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)** **Еңбек**: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды жинату. **Мақсаты:** еңбекке баулу. **(еңбек қызметі)** **Жеке жұмыс** **Көркем сөз:** Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық. Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып.	**Бақылау: Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылауға үйрету.** **Мақсаты:** Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, түстерін айтқызу. **(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)** **Еңбек:** Гербарий жасауға жапырақтар жинау. Мақсаты: балаларға гербарий жасауды үйрету. **(еңбек қызметі)** Жеке жұмыс **Көркем әдебиет**: «Күзгі жапырақтар» (Қ. Шарғытбаев) Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ.	**Бақылау: «Күзгі саябаққа серуен»** **Мақсаты:** Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында айту. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөлдіріп бақылату,әңгімелеуге үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)** **Еңбек:** саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. **Мақсаты:** Әр ағаштың жапырағын ажыратуға үйрету. **(еңбек қызметі)** **Балалармен жеке жұмыс**: Күз туралы білетін тақпақтарын айтқызу.	**Бақылау: «Тұманды бақылау»** **Мақсаты:** Табиғат құбылыстарын атату.Соның ішінде бүгінгі ауа-райының өзгерісі тұманды бақылату. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру. **(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)** **Еңбек**: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастырту. **Мақсаты:** жапырақтан әр түрлі бейнелер құрастыра білуге

	Жын соққандай жұлқынды **(көркем сөз)** **Қимылды ойын** Картотека № 7 «Күн мен түн» **(дене шынықтыру**)** Балалардың өз еріктерімен жасайтын іс-әрекеттері. **Еркін ойын**	**(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)** **Қимылды ойын** Картотека№ 8 «Аңшылар» **(дене шынықтыру**)** Балалардың өз еріктерімен жасайтын іс-әрекеттері.	Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. **(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)** **Қимылды ойын:** Картотека № 9 «Қоян» **(дене шынықтыру**)** Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	**Қимылды ойын**. Картотека №10 «Пойыз» **(дене шынықтыру**)** Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттер.	тәрбиелеу. **(еңбек қызметі)** **Балалармен жеке жұмыс**: Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату. **Қимылды ойын**. Картотека №11 «Торғайлар мен автомобиль» **(дене шынықтыру**)** Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.
Серуеннен оралу	**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау** Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбарды шешеміз, ақырын іліп қоямыз. - Көйлекті шешіп, оны шалбарға, шортиға қосып іліп қоямыз. - Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. ***(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті).***				
Түскі ас	**Гигиеналық шаралар:** Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Кір қуамын, кір қуамын, Бар ма салақ құрбыларың? Үсті-басы, реңінен, Кір екенін білемін мен. Саусағынан, білегінен, Кір екенін білемін мен. Кір қуамын, кір..» **Кезекшілердің жұмысы**: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

	Ойын-жаттығуы Ас ішерде күнде біз, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**
Күндізгі ұйқы	**Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.** Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).** **«Бауырсақ»** ертегісін оқып беру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар жаттығу 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4.Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Ұйқымызды ашайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, 5.Көзді ашып жұму. Оңға. солға. Төмен жоғары карау. Алақандарыңызбен көзді жабу, алысқа қарау. Массаждық жолдармен жүру. су процедуралары. *(дене шынықтыру**)*
Бесін ас	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру **(дене белсенділігі).** Жастықтан біз тұрамыз, Қолымызды созамыз. Аяғымызды жазамыз, Үлкен болып өсеміз. **(*(дене шынықтыру**)*** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).** **Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету** Шомылған баланы,

	Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) (Вариативтік, жеке, қосымша бағдарламалар)	**Ойын кеңістігін ұйымдастыру: «Қонаққа барамыз»** Міндеті: үстелді жабдықтау туралы білімді кеңейту, алақандар арасында ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін үйрету, мерекеде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру; қарым-қатынас дағдыларын дамыту, қонақта қалай отыру керектігін, тамақтануды үйрету. (*мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)*	**«Тірі және өлі табиғат» ойыны.** Міндеті: бақылау барысында танымдық белсенділікті дамыту, сөздік қорын байыту. «Бояулар әлемі» Балаларды таңдауы бойынша. (*қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу)*	**«Тірі және өлі табиғат» ойыны.** Міндеті: бақылау барысында танымдық белсенділікті дамыту, сөздік қорын байыту. «Бояулар әлемі» Балаларды таңдауы бойынша. (*қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу)*	**«Дүкенші» ойын-драматизациясы** Міндеті: балалардың көркем образдарда өзін-өзі көрсетуге ынталандыру, көркемдік мүмкіндіктерді дамыту, зейінді, есте сақтауды, ұсақ моториканы жетілдіру, балалардың дүкенші туралы білімдерін бекіту. Балаларды таңдауы бойынша ойын (*сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)*	**Ойын-саяхат «Смешарик анасымен бірге балабақшаға қалай барды?»** Міндеті: спорттық дағдыларды дамыту қажеттілігі туралы білімді кеңейту «Жемістерді орналастыр» Мақсаты: бір-бірден немесе бірде біреуі жоқ деген ұғымдарды қалыптастыру (*дене шынықтыру** *Математика негіздері)*
Балалармен жеке жұмыс	Математика негіздері «Ұқсас пішіндерді ата» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажырату Рахманға	«Айсұлу қуыршағымыздың үйіне дуал құрастырайық» ойын. Мақсаты: бөлшектерді орналастыру,тік және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану. «Бакшада» Мақсаты: жемістер суретін бейнелеу	Математика негіздері Д/О «Шаршы құрастыр» Мақсаты: бөлшектерден пішіндер құрастыру, атау. Аякөзге	Қоршаған ортамен таныстыру Ойын: «Арман досымызды киіндірейік» Мақсаты: қуыршақты дұрыс киіндіру. Сафияға	Математика негіздері «Түстер бойынша орналастыр» Мақсаты: Затты сурет арқылы және түстері бойынша табуға үйрету.Латифке

		(*құрастыру,сурет салу)*Арлан			
Серуенге дайындық	**Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Дұрыс киінеміз» әңгіме** Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. ***(Сөйлеуді дамыту)***				
Серуен	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау *(қоршаған ортамен таныстыру)* **К-№ 1 «Кім баяу?»** **Шарты:** Балалар тәрбиешімен бірге жүріп келе жатыр. Күтпеген жерден ол: «Ал, енді көрелік, сендердің іштеріңнен кім өте баяу, аяқтың ұшымен жүре алады. Міне, былай», – дейді. Балалар аяқтарының ұшын көтеріп, мүмкіндігінше жай жүруге тырысады. Олар сол жүріп келе жатқан бағытта жүруді жалғастыра береді. Тәрбиеші білдірмей бір жаққа қарай шегініп: «Ал, енді бәрің маған қарай жүгіріңдер», – дейді. Балалар тәрбиешіге қарай жүгіріп, оны қоршап алады, ал ол балалармен	Күннің екінші жартысындағы бұлтты бақылау. *(қоршаған ортамен таныстыру)* **К-№2 «Түсті автокөліктер»** **Мақсаты**: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жол ережесін білуге және сақтауға тәрбиелеу. *(дене шынықтыру**)*	Күннің екінші жартысындағы жерге түскен жапырақтарды бақылау. *(қоршаған ортамен таныстыру)* **К-№3 «Ақ қоян»** **Мақсаты:** балаларды жылдамдыққа, мықты болуға тәрбиелеу. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру *(дене шынықтыру**)*	Күннің екінші жартысындағы құстарды бақылау *(қоршаған ортамен таныстыру)* **К-№ 4 «Қасқырлар мен лақтар»** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. *(дене шынықтыру**)*	Құмға түскен іздерді бақылау. *(қоршаған ортамен таныстыру)* **К-№ 5 «Жапалақтар»** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Күн мен түн мерзімдерін ажырата алуға тәрбиелеу. *(дене шынықтыру**)*

	әңгімелеседі, олардың жаттығуды жақсы тырысып орындағандарын айтады. *(дене шынықтыру**)*				
Серуеннен оралу	**Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті**				
Балалардың үйге қайтуы	**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.**				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС **« ANISSA KIDS »** балабақшасы

Топ: **«Балапан»** ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.12- 09.11.2023 жыл I апта

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 04.12.2023**	**Сейсенбі 05.12.2023**	**Сәрсенбі 06.12.2023**	**Бейсенбі 07.12.2023**	**Жұма 08.12.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. ***(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)***				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Психолог кеңесі: «Ойыншықты дұрыс таңдау»**				

	Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)	**Құрылыс ойыны: "Пароход, қайық салу. Қуыршақ қонақтың сапары"** **Міндеті:** балалардың кірпішті бір-біріне мықтап қою, ұзын тар жағына қою, қайықты немесе пароходты бейнелеу қабілетін бекіту. Мұрын, жем бөлшектерін ажырату. Материал: текшелер мен кірпіштер, пластиналар. Ойын барысы. Біздің ойыншықтар саяхаттауды өте жақсы көреді, бірақ теңізде жүзу үшін кеме жасау керек. Ойыншықтарымызға көмектесіп, кеме жасап, оны «Достық» **(Құрастыру)**	**Құрылыс ойыны "Жаяу жүргіншілерге арналған көпір"** **Міндеті:** екі баспалдақты үйретуді жалғастыру және қабаттасу (үстіне пластина төсеу, ғимаратпен ойнау. Сөздік: баспалдақ, биіктік, жоғарғы, көпір, жақын, табақ. Материал: текшелер мен кірпіштер, пластина Ойын барысы. Міне, бізде кең өзен бар. Ал сіз бен біз ойыншықтарды аударуымыз керек. - Біз не істеуіміз керек? Әрине, көпір салу. (тәрбиеші үлгі жасайды) Балаларға көпір салып, ойыншықтарды тасымалдауды ұсынады. **(Құрастыру)**	**Құрылыс ойыны: "Әр түрлі машиналар"** **Міндеті:** балалардың құрылыс бөлшектерінің түсі мен атауы, құрылыс әдістері туралы түсініктерін бекіту. Балаларды ғимараттарды салыстыруға, олардың айырмашылықтарын байқауға үйрету. Материал: текшелер мен кірпіштер, пластиналар. Ойын барысы. Біз қазірдің өзінде жол мен көлік салдық. енді сіз өз машиналарыңызды ойлап тауып, әртүрлі машиналардың бүкіл гаражын салу. Балалар ғимараттарды салыстырады. Олар өз көліктерін атайды. **(Құрастыру)**	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Шана" Міндеті: Балаларды құрылыс материалдары кірпіш пен призмадан шананы жасауды үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру. Құрылыс нәтижесімен ойнату. **(Құрастыру)**	**"Үй құрылысы" ойыны.** **Міндеті:** Балаларды құрылысшы қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; құрылыс материалдарының қарапайым түрлері мен құрылысшыға қажетті құралдар туралы білімдерін кеңейту; үй құрылысын ойыншық құрылыс материалдарымен салуды үйрету. **(Құрастыру)**
Таңертенгі жаттығу	**ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (құралсыз, сылдырмақпен)** Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. **Міндеті:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету. 1.«Сылдырмақтар». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды төмен түсіру. Қолды екі жаққа созу арқылы жоғары көтеру, сылдырмақтарды сылдырлату және екі жақ созу арқылы «дың-дың», – деп айту. Қолдың қозғалысын қадағалау. (6 рет қайталау.) 2.«Көрсет және ойна». Б.қ.: өкшемен отырып, сылдырмақты иыққа қою. Бұрылып, сылдырмақты көрсету, «міне», – сылдырмақты артына тығып қою. Осылайшаекінші жақпен орындау. Қолдың қозғалысын қадағалау. Аяқты қозғалтпау (3 рет қайталау.) 3. «Ойнаймыз, тығып қоямыз».				

	Б.қ.: қолды бастан асыра көтеріп, шалқадан жату (отыру), ойыншықтарды жерге тигізіп ұстау. Сылдырмақтарды сылдырлату, қолды ішк алып келіп, аяқты бүгу –сылдырмақтарды тығып қою, б.қ.-қа оралу. (6 рет қайталау.) 4. «Көршіме көрсетемін». Б.қ.: өкшемен отырады, сылдырмақтар ұстап, қолды екі бүйірге қояды. Оңға, солға бұрылу. Сылдырмақтарды сылдырлатып, денені түсі ұстап тұру. (3-4 рет қайталау). 5. «Сылдырмақтармен көңілді». 6. Б.қ.: аяқты алшақ қойып, сылдырмақтарды арт жақта ұстап тұру. Сылдырмақтарды алдыда ұстап тұрып сылдырлатып, бірнеше рет серпіліп, 10-15 ретсекіру (жүрумен алмастырып, 3-4 рет секіру). **(Дене шынықтыру**)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы с алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)
Ұйымдасты-рылған	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				

іс-әрекетке дайындық	**Саусақ жаттығуы:** **«Менің отбасым»** Бас бармақ – ата Сұқ саусақ – әже Ортан терек – әке Шылдыр шүмек – ана Кішкене бөбек – мен **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Саусақ жаттығуы:** **«Достық» жаттығуы** Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес… (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес.. Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). *(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)*	**Саусақ жаттығуы:** **«Саусақтардың амандасуы»** Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсің бе, Балаң үйрек! - Сәлем, Ортан терек! - Амансың ба, Шылдыр шүмек! - Қалың қалай, Кішкене бөбек! (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшын тигізіп амандасады) *(сөйлеуді дамыту)*	**Саусақ жаттығуы:** **«Гүл»** Балалар қолдарын көтеріп, саусақтарын біріктіріп, жабылып тұрған гүлдердің бүршіктерін келтіреді. Жайлап саусақтарын ашып, алақандарын жайып «гүлдің ашылғанын» көрсету. Төмендегі тақпақты қайталау. Міне, гүлдің бүршіктері, Ашылады әдемі. *(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)*	**Саусақ жаттығуы:** **«Көмекшілерге алғыс білдіру»** - Рахмет саған, көздерім, сендер бәрін көресіңдер. (көзерін қолмен басу) - Рахмет саған, құлақтарым, сендер бәрін естисіңдер. (құлақтарын ұстау) - Рахмет саған, қолдарым, сендер бәрін істейсіңдер. (шапалақтау) - Рахмет саған, аяқтарым, енді, сендер топылдатып жүресіңдер. (топылдату) *(сөйлеуді дамыту)*
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдасты-рылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Отаны, туған өлкесі туралы білімдерін дамыту. қарапайым сөйлемдер құруды үйрету; 4) қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету **Сөздік минимум:** түған өлкем, ауылым, әдемі, үлкен **«Астана - елорда» түрлі-түсті суреттер, буклет.** **«Сиқырлы сандық» дидактикалық ойын**	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыру; Еңбектеу, өрмелеу. Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша", арасы алшақтанған заттар арасымен еңбектеп жүруге дағдыландыру.	**Музыка** **(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)**	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, еденге қойылған тақта бетімен, 40 см биіктіктегі доғамен, арқанмен, еңіс тақта бойымен, бөрене арқылы орындық аяқтары арасымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру;

	Дидактикалық ойын: «Орнына қойып шық» **Міндеті:** жиһаздардың аттарын атап айту және бөлме ішінде өз орындарына орналастыру **Қажетті құралдар:** жиһаздардың суреті мен магниттік тақта **Ойынның барысы:** Магниттік тақтаға жиһаздар бейнеленген суреттер жапсырылады. Тәрбиеші әр жиһазды өз орнына орналастыруды ұсынады. ***(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)*** Топтағы жиһаздардың суретін салу. Ермексаздан мүсіндеу. ***(мүсіндеу)***	**Дидактикалық ойын «Жыл мезгілдері»** **Мақсаты:** Жыл мезгілдерін ажырата білуге, қандай өзгерістер болатыны жөнінде үйрету. **Шарты:** Балаларға жыл мезгілдерінің суреттері таратылып, табиғаттағы өзгерістерді атап береді. Құстарға арнап жемсауыттын суретін салу, дайын бөлшектерден жапсыру. ***(сурет салу, жапсыру)*** **Дидактикалық ойын:** «Өз ұяшығын тап» **Мақсаты:** Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. **Шарты:** Балалардың алдарына әр түрлі геометриялық пішіндер таратылады.Түстеріне қарап қандай геометриялық пішіндерден тышқанның үйшігі құралған екенін айту. ***(математика негіздері)***	**«Ғажайып қапшық»** **Мақсаты:** Әр мамандыққа қажетті құралдарды атап айыра білу, неден жасалғанын тану. ***(қоршаған ортамен таныстыру)*** Медбикенің қобдишасын бояу, өздеріне ұнайтын маман иесінің құралдарын мүсіндеу, жапсыру. ***(мүсіндеу, жапсыру)*** **Дидактикалық ойын:** «Дәл осындай пішінді тап» **Мақсаты:** геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. **Шарты:** Балалардың алдарына әр түрлі геометриялық пішіндер таратылады.Түстеріне қарап қандай геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. ***(математика негіздері)***	**Дидактикалық ойын:** «Ненің баласы?» **Мақсаты:** Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. **Шарты:** Үлкен және кіші ойыншықтар бөлек тұрады. Бала үлкен ойыншықты таңдап алып және оған кішкене ойыншықтарды іріктеп алады (немесе керісінше). Өзінің таңдап алған жұбын атайды. **Мысалы:** ит үлкен, ал күшік кішкентай. ***(математика негіздері)*** Қонжықтын суретін бояу, ермексаздан мүсіндеу, дайын пішіндерден қоян мен қонжықты құрастыру **(*сурет салу, мүсіндеу*)**	**«Қар ханшайымы»** ертегісі туралы не білетіндерін естеріне түсіру, мультфилімін көрсету. Кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттауды үйрету. ***(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)*** Балалардың қалауы бойынша аққала немесе қар түйіршіктерін ермексаздан жасату. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. ***(мүсіндеу)***
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.				

	Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) **«Біз киініп үйренеміз» әңгіме** **Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. **«Дұрыс-бұрыс» ойыны** Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше?. Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**					
Серуен	Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. **Мақсаты:** қар жауып тұрған құбылысты бақылай білуге үйрету. ***(қоршаған ортамен таныстыру)*** **Жеке жұмыс** **Көркем сөз:** Шанамен зырлап желетін, Шаңғы, коньки тебетін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? ***(көркем әдебиет)*** **Еңбек:** участкені тәрбиешінің көмегімен сыпыру. **Мақсаты:** Үлкендерге көмектесе білуге тәрбиелеу. ***(еңбек қызметі)*** **Қ/қозғалыс ойыны:** «Ақ қоян» **Мақсаты:** Балалар-ды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.	**Қырауды бақылау.** **Мақсаты**: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып түсіндіру. Қырау түскен ағаштарды бақылау. ***(қоршаған ортамен таныстыру)*** **Жеке жұмыс** **Көркем сөз.** Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. ***(көркем әдебиет)*** **Еңбек**: Аяқ киімдері мен тондарын қардан тазалау. **Мақсаты**: ұқыптылыққа, тазалыққа үйрету. ***(еңбек қызметі)*** **Қ/қозғалыс ойыны:** «Допты ұста» **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке, қырағылыққа баулу, ойын әрекеті арқылы татулыққа, белсенділікке тәрбиелеу.	**Мұз сүңгісін бақылау.** **Мақсаты**: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. ***(қоршаған ортамен таныстыру)*** **Жеке жұмыс** **Көркем сөз:** Көл бетінде жатыр айдын – мұз ойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев ***(көркем әдебиет)*** **Еңбек:** Тәрбиешінің көмегімен қар тазалау. **Мақсаты:** еңбекке баулу. ***(еңбек қызметі)*** **Қимылды ойын:** «Күн, су, ауа» **Ойын мақсаты:**	**Қайың ағашын бақылау** **Мақсаты**: қайың ағашының қысқы көркін бақылауға үйрету. ***(қоршаған ортамен таныстыру)*** **Жеке жұмыс** **Көркем сөз** Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. ***(көркем әдебиет)*** **Еңбек:** қайың ағашының түбіне қар жинау. **Мақсаты**: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру. ***(еңбек қызметі)*** **Қ/қозғалыс ойыны:** «Ит пен қоян» **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. **Шарты:** Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да,	**Терезедегі өрнектерді бақылау.** **Мақсаты**: балаларға құбылысты түсіндіру. Терезедегі өрнектерді бақылау. ***(қоршаған ортамен таныстыру)*** **Жеке жұмыс** **Көркем сөз:** Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып. ***(көркем әдебиет)*** **Еңбек**: Қардан тәрбиешінің көмегімен бекініс жасау. **Мақсаты:** еңбекқорлыққа үрету. ***(еңбек қызметі)*** **Қ/қозғалыс ойыны**: «Аңшылар мен қояндар» **Мақсаты:** Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.

	Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қо л ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ а йтады. Ақ қоян-ау, ақ қоян, Орныңнан тұрсаңшы, Шашыңды тарасаңшы. Бетіңді жусаңшы, Әй-әй көйлек кисеңші, Біреудің қолын үзсеңші- дегенде қоян болған б ала тақпақтағы айтылғ ан қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп бары п шеңберді бұзуға тыр ысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қос ылып тұрады да үзілге н жердегі оң жақтағы бала қоян болады. **(Дене шынықтыру**) Балалардың өзіндік іс-әрекеті.**	**Ойын шарты:** Тәрбиеші ашық түсті үлкен допты алады да 2-3 балаға ойнауға ұсынады. Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы 80-100 см жерде тұрады. Тәрбиеші әрқайсысына кезек-кезек доп лақтырып «Ұста» деген белгі береді. Балалар допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Осылайша ойын жалғаса береді. ***(дене қозғалысы)*** ***(сөйлеуді дамыту)***	Берілген белгі бойынша ойынның шартын бұзбай дұрыс ойнауға үйрету. **Ойын шарты:** «Күн» дегенде балалар ашық алаңда ойнап жүреді, өсімдік болып өседі, өйткені өсімдіктер күнді жақсы көреді, күнмен өседі «Су» дегенде балалар балық кит сияқты суда жүзеді. «Ауа» дегенде құстар, ұшақ сияқты қалықтап ұшады т.б. Ойын осылайша жалғасады. ***(дене қозғалысы)***	қалғаны қоян болады. Бұдан кейін « ит», «қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді. **Жеке жұмыс:** «Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату. **Жұмбақ**: Жазда жатсаң көлеңкесінеалады, **(Дене шынықтыру**) Балалардың өзіндік іс-әрекеті.**	**Шарты:** Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. **(Дене шынықтыру**) Балалардың өзіндік іс-әрекеті.**
Серуеннен оралу	**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау** Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбарды шешіп, айырбастап іліп қоямыз. - Көйлекті, шалбарға, шортик, футболкамызды бүктеп салып қоямыз.				

	- Аяқ киімді шешіп шкафқа саламыз, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. ***(сөйлеуді дамыту).***
Түскі ас	**Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу» **Кезекшілердің жұмысы**: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Нан қоқымын шашпаймыз, Жерде жатса баспаймыз. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаймыз. (нанды үгітпей, ойнамай жеу, сөйлеуді дамыту)
Күндізгі ұйқы	**Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.** Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).** Ертегі оқып беру. «Түлкі мен тырна» **(көркем қызмет)** **Әлди** **Мақсаты:** бала ағзасының физиологиялық тепе-теңдігін қалпына келтіру. Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат бөпем. Жылама, бөпем, жылама, Жілік шағып берейін, Байқұтанның құйрығын Жіпке тағып берейін. ***(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)*** **Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).** **Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету** Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды,

	Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршік және жұмсақ жолақшалармен жүру **(дене белсенділігі).** Жастықтан біз тұрамыз, Қолымызды созамыз. Аяғымызды жазамыз, Үлкен болып өсеміз. **(Дене шынықтыру**)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** **Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету** Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Үстел үсті ойыны: «Көкөністер»** **Мақсаты:** балаларды көкөністерді тануға және атауға үйрету. Негізгі түстерді бекіту. Пішінді анықтау. Олардан не дайындауға болатынын сұрау. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Суретті кітап қарау **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Өнер орталығында сурет салу **(Сурет салу)**	**Үстел үсті ойыны: «Ненің балапаны?»** Мақсаты: үй құстары мен олардың балапанының аттарымен таныстыру. Үй құстары мен олардың балапандарының аттарымен таныстыру. Балалардың қоршаған әлем туралы идеяларын дамытуға ықпал ету. Сөздік қорын кеңейту. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Суретті кітап қарау **(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**Үстел үсті ойыны: «Жақсы деген не, жаман деген не?»** **Мақсаты:** балаларды сұрақтарға 3-4 сөзден тұратын сөзбен және сөйлеммен жауап беруге үйрету. Қарым-қатынас құралы ретінде сөйлеуді дамытуға ықпал ету. Балаларды басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалауға үйрету. Көмек көрсетуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. **(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**Үстел үсті ойыны: «Балық аулау»** **Мақсаты:** қол қимылдарын үйлестіруді, ептілікті дамыту. Балықтың түстері мен пішінін атаңыз. Көңіл-күйді анықтаңыз (көңілсіз, көңілді). **(қоршаған ортамен таныстыру)** Суретті кітап қарау **(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**
Балалармен жеке жұмыс	**"Далада қар борайды" тақпақтарын жаттау. Аякөзге**	**"Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру.**	**"Қыс" тақпақтарын жаттау. Әмірегe** Міндеті. Бала тілін дамыту.	**"Жаңылтпаштар". Сұлтанға** Міндеті. Балаларды	**"Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру.**

	Міндеті. Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау. Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды Мұз болады, қатады Жып жылтыр боп жатады. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	**Сафияға** Міндеті. Бала тілін дамыту. "Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру. Балаларға сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету. **(сөйлеуді дамыту)**	Тақпақтар жаттау. Қыста қармен ойнаймыз, Қызыққа біз тоймаймыз. Таудан төмен сырғанап, Шаңғы,шана тебеміз. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)**	жаңылтпаштарды дұрыс және жылдам айтуға машықтандыру. Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер. Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	**Латифке** Міндеті. Бала тілін дамыту. "Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру. Балаларға сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**
Серуенге дайындық	**Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау** **«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме** Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. ***(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)***				
Серуен	**Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау** (Қоршаған ортамен таныстыру) **Аз қимылды ойын «Өз үйіңді тап»** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа,ептілікке тәрбиелеу. **Шарты:** Ойыншылар 3 – 4 аласа ұзынша орындықтарда отырады. Әр орындықта бір әдемі үлкен ойыншық: бірінші тұрған ұзынша орындықта – қуыршақ, екіншісінде – ит, үшіншісінде – мысық, төртіншісінде – аю, қоян	**Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау** (Қоршаған ортамен таныстыру) **Аз қимылды ойын «Қасқыр мен лақтар»** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, епті лікке тәрбиелеу. **Шарты:** Аралары 10-15 адым қашықтықта « қора » мен « өріс » сызылады. **Ойнаушылар үйлерінде тұрып:** Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым	**Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау** (Қоршаған ортамен таныстыру) **Аз қимылды ойын** «Ақ қоян» **Мақсаты:** Балаларды ж ылдамдыққа, мықтылыққа баулу. **Ойын мазмұны:** Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қо л ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ а йтады.	**Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау** **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Аз қимылды ойын** **«Төбеде доп қуу»** **Мақсаты:** Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Шарты:** Ойынға қатысу-шылардың барлығы екі топқа бөлінеді. Әр топтың ойыншылары бірінің артына екеуден сапқа тұрады. Ал капитан өз командасының алдында болады. Команда бірінен	**Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау** (Қоршаған ортамен таныстыру) **Аз қимылды ойын** **«Жапалақтар»** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Епті лікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылық-

	т.б. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып, тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылдарын жасайды (секіреді, жүреді, жүгіреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады!» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Балалар серуендеп жүргенде тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орнын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін тез, адаспай табуы керек. **(Дене шынықтыру**)**	ерке лақ Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп— деген сөздерден Кейін дүрсілдей жүгіріп « өріске » беттейді. Оларды алаңның ортасында тұрған 2-3 қасқыр қуып береді. Қолға түскендер ойыннан шығып қалып келесі кіреді. Қасқырлар ұсталмаған балалардан сайланады. Осылайша ойын жалғасады. **(Дене шынықтыру**)**	Ақ қоян-ау, ақ қоян, Орныңнан тұрсаңшы, Шашыңды тарасаңшы. Бетіңді жусаңшы, Әй-әй көйлек кисеңші, Біреудің қолын үзсеңші- Дегенде қоян болған ба ла тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырыса ды. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосыл ып тұрады да үзілген ж ердегі оң жақтағы бала қоян болады. **(Дене шынықтыру**)**	бірі 3-4 метр жерде тұрады. Капитандар бір-бір волейбол добын алады да, оны екі қолымен төбелеріне көтереді. Жетекшінің «Бастаңдар » деген командасы бойынша олар допты басынан асыра артындағы ойыншыға, осы әдіспен келесі ойыншыға береді. Ойын одан әрі қарай жүгіреді, сөйтіп өз тобының алдына келіп тұрады. Доп тағы да колонаның соңына кетеді. Ол топ капитандарының қолына екінші рет қайта тигенше ойын осылай айнала береді. Капитан өз орнына келіп, бірінші болып, допты жоғары көтергенде команда ұтып шығады. **(Дене шынықтыру**)**	тарын, белсенді-ліктерін арттыру. Күн мен түн мерзімдерін ажырата алуға тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Балалар екі топқа бөлінеді. Жапалақтар күндіз ұйықтайды, ал түнде керісінше оянады. Тышқандар күндіз жапалақтар ұйықтағанда үйлеріне жету керек. Тәрбиеші түн болды дегенде жапалақтар үйіне жете алмаған тышқандарды қуады. **(Дене шынықтыру**)**
Серуеннен оралу	**Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті**				
Балалардың үйге қайтуы	**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.**				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС **« ANISSA KIDS »** балабақшасы

Топ: **«Балапан»** ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.12-15.12.2023 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 11.12.2023**	**Сейсенбі 12.12.2023**	**Сәрсенбі 13.12.2023**	**Бейсенбі 14.12.2023**	**Жұма 15.12.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналарға арналған кеңес:** Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.				
Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру					
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел	**Құрылыс ойыны: "Шеңберлерді жина" Міндеті:** балалардың біртекті заттарды (көп, аз,	**Дидактикалық ойын: «Қоян» Міндеті:** Ойын қиялды дамыту. әртүрлі түстегі және	**Дидактикалық ойын: «Бөлінген суреттер» Міндеті:** талдау мен синтездің әрекеттерін үйрету,	**Құрылыс ойыны: "Тасбақа баспалдағы" Міндеті:** балаларды ғимараттар жасауға,	**Құрылыс ойыны: "Қоян үшін тар орындық-ұзын көз**

	(Қоршаған ортамен таныстыру) **Аз қимылды ойын:** **«Өз үйіңді тап»** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. **Шарты:** Ойыншылар 3 – 4 аласа ұзынша орындықтарда отырады. Әр орындықта бір әдемі үлкен ойыншық: бірінші тұрған ұзынша орындықта – қуыршақ, екіншісінде – ит, үшіншісінде – мысық, төртіншісінде – аю, қоян т.б. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып, тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылдарын жасайды (секіреді, жүреді, жүгіреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады!» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Балалар серуендеп жүргенде тәрбиеші балаларға білдірмей	**(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Аз қимылды ойын:** **«Қасқыр мен лақтар»** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. **Шарты:** Аралары 10-15 адым қашықтықта «қора» мен «өріс» сызылады. **Ойнаушылар үйлерінде тұрып:** Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке лақ Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп—деп сөздерден Кейін дүрсілдей жүгіріп « өріске » беттейді. Оларды алаңның ортасында тұрған 2-3 қасқыр қуып береді. Қолға түскендер ойыннан шығып қалып келесі кіреді. Қасқырлар ұсталмаған балалардан сайланады. Осылайша ойын жалғасады. *(ойын қызметі)*	**Аз қимылды ойын:** «Ақ қоян» **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. **Ойын мазмұны:** Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. Ақ қоян-ау, ақ қоян, Орныңнан тұрсаңшы, Шашыңды тарасаңшы. Бетіңді жусаңшы, Әй-әй көйлек кисеңші, Біреудің қолын үзсеңші- Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. *(ойын қызметі)*	**Аз қимылды ойын:** **«Төбеде доп қуу»** **Мақсаты:** Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Шарты:** Ойынға қатысушылардың барлығы екі топқа бөлінеді. Әр топтың ойыншылары бірінің артына екеуден сапқа тұрады. Ал капитан өз командасының алдында болады. Команда бірінен бірі 3-4 метр жерде тұрады. Капитандар бір-бір волейбол добын алады да, оны екі қолымен төбелеріне көтереді. Жетекшінің «Бастаңдар » деген командасы бойынша олар допты басынан асыра артындағы ойыншыға, осы әдіспен келесі ойыншыға береді. Ойын одан әрі қарай жүгіреді, сөйтіп өз тобының алдына келіп тұрады. Доп тағы да колонаның соңына кетеді. Ол топ капитандарының қолына екінші рет қайта тигенше ойын осылай айнала береді. Капитан өз орнына келіп, бірінші болып, допты жоғары	**(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Аз қимылды ойын:** **«Жапалақтар»** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылық-тарын, белсенді-ліктерін арттыру. Күн мен түн мерзімдерін ажырата алуға тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Балалар екі топқа бөлінеді. Жапалақтар күндіз ұйықтайды, ал түнде керісінше оянады. Тышқандар күндіз жапалақтар ұйықтағанда үйлеріне жету керек. Тәрбиеші түн болды дегенде жапалақтар үйіне жете алмаған тышқандарды қуады. *(ойын қызметі)*

	ойыншықтардың орнын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін тез, адаспай табуы керек. *(ойын қызметі)*			көтергенде команда ұтып шығады. *(ойын қызметі)*	
Серуеннен оралу	**Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті**				
балалардың үйге қайтуы	**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.**				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС **« ANISSA KIDS »** балабақшасы

Топ: **«Балапан»** ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 15.01-19.01.2024 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 15.01.2024**	**Сейсенбі 16.01.2024**	**Сәрсенбі 17.01.2024**	**Бейсенбі 18.01.2024**	**Жұма 19.01.2024**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бойындағы өзгерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме				
Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру					

Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)	**Дидактикалық ойын:** «Не жетіспейді?» **Мақсаты:** көзбен қабылдау және ойлау қабілетін дамыту. **Ойын шарты:** Тәрбиеші балаларға бірнеше заттардың суреті бар бетшелерді ұсынады. Суретті мұқият қарап, әр заттың жетіспейтін бөлшегін тауып, атап беруін сұрайды. ***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)***	**Дидактикалық ойын «Сиқырлы сандық»** **Мақсаты:** Дыбыстарды анық, асықпай, дұрыс айта білуге үйрету. Сөздерде дыбыстың дұрыс айтылуына назар аударту. **Ойын шарты:** Тәрбиеші әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (Бота, құлыншақ, аю, мысық, машина). Балалар ойыншықтар арқылы сөйлемдер құрап береді. ***(қазақ тілі)***	**Дидактикалық ойын:** «Жаңа қуыршақ» **Мақсаты:** Баланы топ бөлмесіндегі заттарды дұрыс атап, тілдерін , зейіндерін дамыту. **Ойын шарты:** Қуыршақ топтағы заттың қайсының жанына келсе соны дұрыс атап беру және қуыршақ қай баланы сұрайды сол ғана сұраққа жауап береді, егер барлық баладан сұраса, барлығы бірге жауап береді. ***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)***	**Дидактикалық ойын:** «Ғажайып қоржын» **Мақсаты:** Балаларды заттарды тиісті қасиеттері қарай ажырата білуге үйрету. **Ойын шарты:** Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды. ***(сөйлеуді дамыту)***	**«Мозайка»** **Мақсаты:** Балаларға әр турлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбек-сүйгіштікке тәрбиелеу. **Ойын атрибуттары:** мозаика ойыншықтары. **Ойынның барысы:** Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, бұл-мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрасытруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсі үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі.
Таңертенгі жаттығу	**ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затпен орындалады)** **Мақсаты:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету. 1.«Сылдырмақтар». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды төмен түсіру. Қолды екі жаққа созу арқылы жоғары көтеру, сылдырмақтарды сылдырлату және екі жаққа созу арқылы «дың-дың», – деп айту. Қолдың қозғалысын қадағалау. (6 рет қайталау.) 2.«Көрсет және ойна». Б.қ.: өкшемен отырып, сылдырмақты иыққа қою. Бұрылып, сылдырмақты көрсету, «міне», – сылдырмақты артына тығып қою. Осылайшаекінші жақпен орындау. Қолдың қозғалысын қадағалау. Аяқты қозғалтпау (3 рет				

	қайталау.) 3. «Ойнаймыз, тығып қоямыз». Б.қ.: қолды бастан асыра көтеріп, шалқадан жату (отыру), ойыншықтарды жерге тигізіп ұстау. Сылдырмақтарды сылдырлату, қолды ішке алып келіп, аяқты бүгу - сылдырмақтарды тығып қою, б.қ.-қа оралу. (6 рет қайталау.				
Таңғы ас	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				
	Саусақ жаттығуы: **«Қуыр-қуыр, қуырмаш»** Тәрбиеші балалармен қолдың саусақтарын, бас бармақтан бастап, шынашаққа дейін,	**Саусақ жаттығуы:** **«Балақан»** Бала, бала, балақан, Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнап. *(сөйлеуді дамыту)*	**Саусақ жаттығуы:** **«Қар жауды!»** Аппақ қылып өңірді, (алақандарын ашу) Қар жауды! Қар жауды! (Қолдарын сірмеу)	**Саусақ жаттығуы:** **«Бір үйде біз нешеуміз»** Бір үйде біз нешеуміз Кел санайық екеуміз. Бас бармағым – атам. Балаң үйрек – апам.	**«Еріншектер»** Тық-тық, тық-тық, Тұр орыннан бас бармақ, Балаң үйрек сен де тұр, Ортан терек, сен де тұр, Шылдыр шүмек сен де тұ

	аттарын атап шығады. Олар бір-бірімен туған бауырлар сияқты. Бас бармақ, Балалы үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Бес саусақ түгел жұмылады. Енді, қайтадан бас бармақтан бастап мына сөздерді айтып саусақтарды жазады. Сен тұр – қойыңа бар, Сен тұр – түйеңе бар, Сен тұр – жылқыңа бар, Сен тұр - жылқыңа бар, Ал сен кішкентай бөбек, қазанның қаспағын қырып жеп, жыламай үйде отыр. *(сөйлеуді дамыту)*		Көңілді балалар, (қолдарын шапалақтау) Қызығып секірді, секірді. (орындарында секіру) *(сөйлеуді дамыту)*	Ортан терек – ағам. Шылдыр шүмек – мен. Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде бесеуміз. *(математика негіздері)*	Титтей бөбек қане тұр, Саусақтарым, ал жүгір. Үстел үстінде жасалатын жаттығу . Саусақтар үстел үстінде жатады. Айтылатын сөзге байланысты, саусақтарды кезек-кезек көтеріп, үстел үстіне «жүгіртеміз.» *(сөйлеуді дамыту)*
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Қысқы орманға біз келдік» **Мақсаты:** Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру**.** **Ойын:** «Қақпаға түс»	**Қазақ тілі** Күнделікті өмірде жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың атауын білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; Балалардың сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Серуенге барайық» **Мақсаты:** Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.	**Музыка** **(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)**	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Біз кішкентай шабонтоздармыз» **Мақсаты:** Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау; Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру**.**

		байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. **Сөздік минимум** Ыдыстар, жиһаз, ас үй ыдыстары **Дидактикалық ойын: «Ыдыстарды түсіне қара топтастыр»**			**Ойын:** «Бере алмаймын»
	«Қыстап қалатын құстар» **Мақсаты:** балаларға қыстайтын құстар туралы білім беру, оларды ажыратуға, топтастыруға, құстардың сыртқы түрін, олардың ерекшеліктерін, мінез-құлқын сипаттауға үйрету; атқаратын қызметтерін түсіну, - Сендер, әрине, суық ауа райының басталуымен көптеген құстар оңтүстікке ұшатынын білесіңдер. Бірақ бәрі емес, ұшып кетпейтіндер де бар, олар бізбен жыл бойы өмір сүремді (қарға, көгершін, торғай, тоқылдақ). - Бізге тек қыстауға келетіндер де бар (шымшықтар, ұзақтар). - Шымшықтың кеудесі сары, ал бастары мен қанаттары қара. - Маған қарға туралы айтыңдар. Ол қандай?	**«Қарға мен түлкі» ертегісі»** **Мақсаты:** Жаңа ертегіні тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Қарға жан-жағына қарап, қарқ-қарқ деп қарқылдай бастады. Балаларға көмек сұрап еледі. - Досым-ау, саған не болды? (қарғаның достары сұрайды) Қарға: Менің ірімшігімді алдап түлкі алып қашып кетті. Қарғаның достары: Уайымдама, достым !	**«Орман дәрігері» ертегісі** **Мақсаты:** балаларды ертегі қойылымына қызығушылығын арттыру. Ормандағы құстар жайлы, олардың пайдасы туралы айту. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сергіту сәті** **«Тоқылдақ»** Ағашты тырсылдатамын, (Алақандарын ашып – сұқ саусағымен ағашты бейнелеу) Құрттарды алғым келеді, (Екінші қолымен тұмсығымен тістеген қимыл жасайды) Әр жол үшін Ол қабығының астында жасырынса да,	**«Суықторғай»** **Мақсаты:** Қыстайтын құстарға сүйіспеншілік, қамқорлық сезіміне тәрбиелеу. Құстар тіршілігі, табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру. **Суықторғай** – жотасы қоңыр, кеудесі сұр,кішкентай құс. Олар үйірімен жүреді. Пайдалы құс. Ол зиянкес құрттар және дәнді дақыл, нан қиқымдарымен қоректенеді. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Дидактикалық ойын «Суықторғай»** Шарты:суықторғай сияқты секіреді, Ұшады және шырылдайды. Тәрбиеші үстел үстіне жемсауыт шығарады	**«Қайтпай қалған қарлығаш» әңгімесі Т. Тойбазарұлы** **Мақсаты:** Әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, қыстап қалған құстарға қамқорлық жасауға, оларды баптап күте білуге тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Сергіту сәті** Біз кішкентай баламыз, Өніп өсіп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз. **(Дене шынықтыру)**

	(үлкен, қара, маңызды, айлакер). - Бұл құс сізге жақсы таныс. Бұл кім? Торғай туралы айтыңдар. - Ол қандай? (кішкентай, сұр, шапшаң, жылдам). - Бұл құсты орманда кездестіруге болады. Бұл тоқылдақ. Ол ағашты жиі ұрады, ал сендер оны не үшін жасайтынын білесіңдер ме? - Тоқылдақ ағаштарды қабығының астынан зиянды қателерді алу арқылы емдейді. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **«Үкі» жаттығуы** Сол қолыңызды оң иығыңызға қойып, иығыңызды сол қолыңызбен қысыңыз. Басыңызды бұрып, иығыңыздан артқа қараңыз. Иегіңізді кеудеге түсіріп, бұлшық еттеріңізді босаңсытып, терең дем алыңыз. Оң қолыңызды сол иығыңызға қойып, сол қозғалысты қайталаңыз. **(Дене шынықтыру)** **Жұмбақтар**	Біз саған тамақ табуға көмектесеміз- деп қарғаны қасына шақырады **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** - Балалар қазір далада қар жатыр, қар еріп жатыр.Бұл жылдың қай мезгілі? Олай болса, жаңағы ұшып кеткен қарғалар мынандай қардың астынан қалай тамақ тауып жей алады? Оларға біз көмектесейік, бәріміз ермексаздан ірімшік жасауға көмек жәрдем бересіңдерме? **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Дидактикалық ойын «Сана және ата»** **Мақсаты:** «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп) **Шарты:** Құстардың санын санау және атау (көп-біреу) **(математика негіздері)** **Сергіту сәті** Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. Боран соқса бүрсіп,	(алақанға төрт саусақ соққысы) Ол бәрібір менікі болады. **(Дене шынықтыру)** **Дидактикалық ойын: «Қайсысы көп?»** **Мақсаты:** біртекті құстарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей құсты табу. **Шарты:** Қайсысы көп екенін тап және атын ата **(математика негіздері)** **«Ағаштағы тоқылдақ»** **Мақсаты:** Құрастыру дағдыларын дамыту, текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. Қоңыр, ақ түсті қағаздан балалар ағаш діңін жасайды. Ол үшін қағаз конуспен оралып, шеттері желімделеді. Бұтақтар үшін әртүрлі мөлшердегі қағаз жолақтары кесіледі . Бұтақтарға отырған тоқылдақ бейнесін қағаздан қиып жапсырады. **(құрастыру, жапсыру)**	және құстарға арналған жемдерді де қояды: кәмпиттер, тұқымдар, шемішке, картоп, шоколад, сәбіз т.б.Суықторғайдың жемін таңдауға тапсырма береді. Балалар қысқа адыммен секіреді, ұшады, «рюм-рюм-рюм», – ысқырып дыбысын салады. Балалар құстарға арналған жемді таңдайды. Торғайларға – нан қиқымы, дәндер. Сарышымшыққа – нан қиқымы, дәндер. Суықторғайға – өсімдік тұқымдары,шетеннің жемісі. Қарғаға – тағам қалдықтары, жеміс пен көгөністердің аршылған қабықтары. Көгершінге – тары. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Сергіту сәті** Ептеп, ептеп, жерден бидай терейік,	**Дидактикалық ойын: «Не артық?»** **Мақсаты:** құстарды ажырата білуге үйрету. **Шарты:** Тақтаға суреттер іледі, мұқият қарап артық құсты тауып, атауды ұсынады (көгершін, тоқылдақ, қарлығаш, суық торғай) **(математика негіздері)** **«Қарлығашқа арналған ұя»** **Мақсаты:** Құрастыру дағдыларын дамыту, текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. Бірінші топқа Қарлығашқа санағыштармен ұя жасауды ұсынады Екінші топқа қыстырғыштармен ұя жасауды ұсынады. **(құрастыру, жапсыру)**

	Мақсаты: Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту Қонып алып жарға, Қаркылдайды (қарға) Өзі сақ, өзі ұзын, Шықылықтап тұрмайды. Құйрығы ұзын, өзі бұтақтан бұтаққа ауысқан, Бұл қандай құс (сауысқан) **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Дидактикалық ойын «Төртінші артық»:** **Мақсаты:** есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту **Шарты:** артық құсты табу және атау. **(математика негіздері)** **«Кішкентай шымшықтар мен торғайлар»** **Мақсаты:** Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік	Бұта басын қорғалар. **(дене шынықтыру)** **«Қарғаға арналған ірімшіктер»** **Мақсаты:** Мүсіндеу пластилинография қолдың моторикалық дағдыларын дамыту. ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып мүсіндеуге үйрету. **(мүсіндеу)**		Тергеніңді торғайларға берейік. Торғай, торғай томпаң-томпаң секірсін, Шаршадың ба, отыра ғой деміңді ал. **(Дене шынықтыру)** **«Суықторғайға арналған жемсауыт»** **Мақсаты:** Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыруға үйрету. Жемсауытқа торғайға арналған жемдерді акварель краскамен салу. **(жапсыру, сурет салу)**	

	сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып мүсіндеуге үйрету. -Торғай салу үшін бізге қандай бояу керек? Балалар. Қоңыр түсті. - Дұрыс. Ал егер біз шымшық салғымыз келсе ше? - Сары және жасыл. Дұрыс, олай болса ермексазбен жұмыс жасағысы келген балалар Ермексазды, сурет салғысы келген балалар бояуды алып, үлгіге қарап құстарды салады. Біз щетканы қолымызға алып, барлық саусақтар мен алақанның жартысын қара бояумен, қалған жартысын қызыл бояумен жағамыз. Енді құсты жапырақтың ортасына отырғызамыз. Мұны істеу үшін саусақтарыңызды кең ашып, алақаныңызды қағаз парағына қою керек. Олар мықтап басып, күрт көтерілді. Міне, құстар				

	шықты (олар қолдарын дымқыл майлықтармен сүртті). Біз бас пен тұмсықты аяқтаймыз. Басы қандай пішінде? - Дөңгелек. - Дұрыс. Біз щетканы алып, оны қара бояуға батырамыз. Шеңбер сызыңыз. Көзге кішкене ақ дөңгелек дақ қалдырып, оны бояңыз. Және тұмсық. Міне, қандай әдемі бұқалар шықты. Кім титмузды салғысы келсе, онда барлық саусақтар мен алақанның жартысына жасыл бояу, қалған жартысына сары бояу қолданылады. Дөңгелек бас пен тұмсықты аяқтаңыз. Торғай салуды шешкен жігіттер алақанына қоңыр бояу жағып, басын, тұмсығын бояйды. Ермексазбен де осылай жұмыс жасаймыз **(сурет салу, мүсіндеу)**				
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту) **«Біз киініп үйренеміз» әңгіме** **Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету)				

	«Дұрыс-бұрыс» ойыны Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше?. Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**				
Серуен	**Желді бақылау** **Мақсаты**: желдің соғу бағытын бақылау. Аңғарымпаздыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? 2. Қыста жел қандай болады? **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Еңбек**: Аула сыпырушыға көмектесу. **Мақсаты:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. **(еңбек қызметі)** **Көркем сөз «Жел»** Жүйткіді қатты жел деген Елсіз де Өңсіз жерменен. Ышқынып, атып қапырық, Жолында бәрін жапырып, Күйдірді, қақтап қуырды, Шаңдатып,Құмды суырды. **(Көркем әдебиет)** **Қимылды ойын**: «Мысық пдеген тышқан» **Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа үйрету.	**Аула сыпырушы еңбегін бақылау.** **Мақсаты:** аула сыпырушының қыс кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балаларға түсінік беру. Аула сыпырушының еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Көркем сөз** Қолына киіп қолғапты, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. **(Көркем әдебиет)** **Еңбек:** Аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпыруға көмектесу. **Мақсаты:** ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге ынтасын қолдап, еңбекке баулу. **(еңбек қызметі)** **Қ/қозғалыс ойыны:** «Доп кімде?»	**Күн көзін бақылау** **Мақсаты:** Күннің көзіне бақылау жасай білуге үйрет **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Жұмбақ:** Таңмен көзін ашады, Айналаға сәуле шашады. (Күн) **(Көркем әдебиет)** **Еңбек:** Аққала жасау **Мақсаты:** қармен жұмыс істей білуге үйрету. **(еңбек қызметі)** **Қимылды ойын: «Тышқан аулау»** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке, командаға бөлініп ойнауға үйрету. **Шарты:** Ойыншылар 2 командаға бөлінеді. Аз топ қол ұстасып шеңбер жасайды. Олар тышқан ұстаушылар. Қалғандары тышқандар, олар шеңберді айналып жүреді. Тәрбиеші «қақпаны аш » дегенде шеңбердегі балалар қолдарын босатып	**Қардың қасиетін бақыла** **Мақсаты**: Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Еңбек:** Ауладағы қарды күреуге көмектесу. **Мақсаты**: Үлкендерге көмектесе білуге тәрбиеле **(еңбек қызметі)** **Көркем сөз:** Аққала Аула сырты, баққа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана. **(Көркем әдебиет)** **Қимылды ойын: «Бақалар»** **Мақсаты:** Балаларды бақа сияқты секіруге, өлең жолдарын мәнерлеп айтуға үйрету. **Шарты:** Алаңның ортасында үлкен дөңгелек шеңбер сызады немесе дөңгелек форма етіп жуан жіп тастайды. Балалардың бір тобы шеңберді	**Терезеден адамдардың қысқы қалың киімдерін бақылау.** **Мақсаты:** Адамдардың қысқы қалың киімдерін атай білуге үйрету. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Еңбек:** Топтағы гүлдерді қопсытып, су құю. **Мақсаты**: бөлме гүлдерін күте білуге тәрбиелеу. **(еңбек қызметі)** **Көркем сөз** Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады, қатады, Жып-жылтыр боп жатады. **(Көркем әдебиет)** **Жеке жұмыс:** Балаларға қысқы еңбек түрлерін айтқызу. **Қимылды ойын**: «Аңшылар мен қояндар» **Мақсаты:** Балаларды қоян болып секіруге,

	Ойын шарты: Барлық балалар айнала шеңберге тұрып, «тышқан» мен «мысық» таңдайды. «Тышқандар» «мысықтан» қашады, дөңгелек ішінде жүругеде болады . «Мысықты» балалар дөңгелек ішінен жібермейді. **(дене шынықтыру**)** **Жеке жұмыс**: екі аяқпен бірдей қарлы жолмен секіру. **Балалардың өзіндік іс-әрекеті.** .	**Мақсаты:** тапқырлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Шарты:** Бір бала жүргізуші болады. Бір бала ортада көзін жұмып тұрады. Қойған балалар шеңбер жасап, қолдарын артына ұстап, иықтарын тақап тұрады (қолдары ішінен қарағанда көрінбеу керек). Сыртта жүрген бала сездірмей, шеңбердің сыртын айналып жүріп, бір баланың қолына ұстатады да өзі алысқа барып тұрады да « болды» дейді. Ортадағы бала көзін ашып, шеңбердің ішінде тұрып, кімде екенін (көзінің т.б) біліп айту керек. Тапса допты алады. Таппаса-басын шайқайды. Сол кезде добы бар бала теріс айналып, допты көрсетеді. Сенде-деген жоғары көтеруі тиіс. **(дене шынықтыру**)** **Жеке жұмыс**: «Кім алысқа секіреді?» **Балалардың өзіндік іс-әрекеті.**	жоғарға көтеріп тұрады. Тышқандар өтіп жүреді. Тәрбиеші қол шапалақтағанда, шеңбердегілер қолдарын түсіріп, шеңбер ұстай қою керек. Ішінде қалғандары ұстаған тышқан алады. Олар жиналып шеңбер жасауға дайындалады, олар қақпан жасап тышқан ұстаушы болады. Ойын жалғаса береді. **(дене шынықтыру**)** **Жеке жұмыс.** **Мақал:** Мезгілі жетсе, Мұз да ерір. **Балалардың өзіндік іс-әрекеті.**	жағалай тұрады, ал қалғандары алаңның екінші бір жағына орналасқан орындықтарда отырады. Орындықта отырған балалармен бірге тәрбиеші мынандай өлең айтады. Бақалар басы қалтаңдап, Шоршиды жолда талтаңдап Бақ-бақ, бақ-бақ, бақ Жүгіреді талтақтап. Шеңберді жағалап дөңгеленіп тұрған балалар бақа сияқты секіреді. Өлең аяқталғаннан кейін, орындықта отырған балалар алақандарын соғады (бақаларды шошытады), бақалар шалшық суға-қызықтан секіреді де жүресінен отыра кетеді. Ойын аяқталған кезде, балалар рөльдерімен алмасады. **(дене шынықтыру**)** **Жеке жұмыс.** Жұмбақ жасыру Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады. (Қар) **Балалардың өзіндік**	аңшыдан қорғануға үйрету. **Шарты:** Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. **(дене шынықтыру**)** **Балалардың өзіндік іс-әрекеті.**

				іс-әрекеті.	
Серуеннен оралу	**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау** Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбарды шешіп, айырбастап іліп қоямыз. - Көйлекті, шалбарға, шортик, футболкамызды бүктеп салып қоямыз. - Аяқ киімді шешіп шкафқа саламыз, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. ***(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).***				
Түскі ас	**Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз. Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. **Кезекшілердің жұмысы**: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Нан қоқымын шашпаймыз, Жерде жатса баспаймыз. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаймыз. (нанды үгітпей, ойнамай жеу, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)				
Күндізгі ұйқы	**Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.** Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауы жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек бас жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** Ертегі оқып беру. «Үш аю» **(көркем қызмет)** **Әлди** **Мақсаты:** бала ағзасының физиологиялық тепе-теңдігін қалпына келтіру. Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат бөпем. Жылама, бөпем, жылама, Жілік шағып берейін, Байқұтанның құйрығын Жіпке тағып берейін. **(сөйлеуді дамыту және көркем әрекет)** **Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.**				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаиы дамыту).** 1.Өзімізді уқалау. Күзде күн суыды , молдас құрып отырып алақанымызды уқалап жылытамыз, жылы алақанымызбен бетімізді жуамыз (3-4рет) 2.Майтабанның алдын алу. (2 минут) Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру. Орындыққа отырып екі аяғымызды алдыға созып башпайларымызды бүгу, босату 4-5 р Орындыққа отырып екі аяғымызды алдыға созып өзімізге қарай тарту (4-5 рет) Орындыққа отырып екі аяғымызды жерге қойып башпайымызды жоғары көтеру, өкшеміз еденде (4-5 рет) **Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету** Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру **.** Жастықтан біз тұрамыз, Қолымызды созамыз. Аяғымызды жазамыз, Үлкен болып өсеміз. **(дене шынықтыру).** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаиы дамыту).** **Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету** Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар). (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа	**Сюжетті-рөлді ойын: «Дәріхана»** **Мақсаты**: Балаларда фармацевт мамандығына деген қызығушылық туғызу.	**Сюжетті-рөлді ойын: «Дәріхана»** **Мақсаты**: Балаларда фармацевт мамандығына деген қызығушылық туғызу.	**Дидактикалық ойын:** «Қоянға көмектес» **Мақсаты:** Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және	**Сюжетті-рөлді ойын:** «Шаштараз» **Мақсаты:** балаларды шаштараз жұмысымен таныстыру. Рөлдерге кіріп ойнай білуге	Ғажайып қоржынға қолдарын салып, ішінен бір зат алу, оны атау, санау, топтастыру. Бірнеше бірдей затты табу,

және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ойын барысы:** Жүргізуші дәріханаға дәрі-дәрмектер алып келеді. Дәріхана қызметкерлері оны сөрелерге қояды. Адамдар дәрі-дәрмектер алу үшін дәріханаға келеді. Шарты:Балаларға дәрі дәрмекпен дәрумендер көмегін қажет екекнің түсіндіріп,қоғамда болып жатқан күнделікті жағдайды жақсы жағынан түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Ойын барысы:** Жүргізуші дәріханаға дәрі-дәрмектер алып келеді. Дәріхана қызметкерлері оны сөрелерге қояды. Адамдар дәрі-дәрмектер алу үшін дәріханаға келеді. Шарты:Балаларға дәрі дәрмекпен дәрумендер көмегін қажет екекнің түсіндіріп,қоғамда болып жатқан күнделікті жағдайды жақсы жағынан түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	түстеріне қарай ажыратуға үрету. **Ойын шарты:** Балалар бізге қонаққа қоян келді, ол бізбен бірге ойнағысы келеді. Балалар көздеріңді жұмыңдар, ал қоян бұл кезде көкөністердің қасына сандарды қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай санның тұрғанын айтып берулерің керек. Тапқан баланың еңбегі бағаланып отырады. Ойын 3-4 рет қайталанады. **(*математика негіздері)***	үйрету. Шаштаразға келген клиенттермен мәдени түрде қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу. **Ойын шарты:** «Анасы қызын шаштаразға апара жатыр» «Әкесі ұлын шаштаразға » «Қуыршақтарға арнап әдемі шаш үлгілерін жасаймыз» «Өзімізге арнап шаш үлгісін жасаймыз» Соны мен қатар балалар шаштараздың жұмысын бағалайды. **((сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	«қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру. **Дидактикалық ойын:** «Қолғаптың сыңарын тап» **Мақсаты:** Балаларға оң мен солды ажыратуға, түстер бойынша топтастыруға үйрету. **Шарты:** Бірдей қолғаптарды топтастыру. ***(математика негіздері)***
Балалармен жеке жұмыс	Әмірege қайшыны дұрыс ұстауды үйрету. Пішіндердің арасынан төртбұрышты тауып қиғызу. ***(математика негіздері)***	Сандықты ою-өрнекпен безендіру, түстерін атау. ***(жапсыру, математика негіздері)*** Латифке желімді дұрыс қолдануды үйрету.	Сұлтанға «Қоян» өлеңін жаттату. Аппақ қоян, ақ қоян, Сондай қорқақ,сақ қоян, Біздің үйге тығылсаң, Сандығыма сап қоям! *(сөйлеуді дамыту)*	Каусарға көлденең және тік сызықтарды салу арқылы, тарақтын суретін салғызу. ***(сурет салу)***	Әмірege қолғапты мүсіндету. ***(мүсіндеу)***
Серуенге дайындық	**Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау** **«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме** Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынған қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. ***(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)***				
Серуен	**Күннің екінші жартысында терезеден желді бақылау** **Мақсаты**: желдің соғу бағытын бақылау.	**Күннің екінші жартысында аула сыпырушы еңбегін бақылау.**	**Күннің екінші жартысын күн көзін бақылау** **Мақсаты:** Күннің көзіне бақылау жасай білуге үйрет	**Қардың қасиетін бақылау** **Мақсаты**: Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру.	**Терезеден адамдардың қысқы қалың киімдерін бақылау.**

	Аңғарымпаздыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Қимылды ойын:** **“Кептерді қуып жет”** **Мақсаты**: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды ұжымда ойнай алуға тәрбиелеу. **Ойынның шарты:** Ойынды 15-20 бала ойнайды. Жерге шеңбер сызылады. Ортаға тәрбиеші таңдаған бала-мысық тұрады, ал қалған балалар шеңберді айнала кептерлер болып тұрады, мысық ұйықтайды. Кептерлер шеңберді айналып жүріп, дәндерді шоқиды, мысық оянып кептерлерді қуады. Қай кептерді ұстап алса, сол бала айыппұл ретінде өлең –тақпақ айтады.	**Мақсаты:** аула сыпырушының қыс кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балаларға түсінік бере отырып, даладағы жинап қойған қарды шашпауға, ересек адамдардың еңбегін бағалауға тәрбиелеу. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Қимылды ойын:** **«Ақ қоян»** **Мақсаты:** балаларды жылдамдыққа, мықты болуға тәрбиелеу. **Ойын шарты**: Балалар шеңбер жасап тұрады, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. Ақ қоян-ау, ақ-қоян Орныңнан тұрсаңшы, Шашыңды тарасаңшы, Бетіңді жусаңшы Әй-әй көйлек кисеңші, Біреудің қолын үзсеңші- дегенде қоян болған бала тақпақта айтылған қимылдың барлығын жасап бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала	**(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Қимылды ойын:** **«Қасқырлар мен лақтар»** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Аралары 10-15 адым қашықтықта «қора» мен «өріс» сызылады. Ойнаушылар үйлерінде тұрып: Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке лақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп-деген сөздерден кейін дүрсілдей жүгіріп «өріске» беттейді. Оларды алаңның ортасында тұрған 2-3 қасқыр қуып береді. Қолға түскендер ойыннан шығып қалып келесі кіреді. Қасқырларға ұсталмаған балалардан сайланады. Осылайша ойын жалғасады. **(дене шынықтыру**)**	**(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Қимылды ойын:** **«Торғайлар мен автомобиль»** **Мақсаты**: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады. **(дене шынықтыру**)**	**Мақсаты:** Адамдардың қысқы қалың киімдерін атай білуге үйрету. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Қимылды ойын:** **«Құстар мен мысық»** **Мақсаты**: Балалардың денсаулыққа, ойынға деп құштарлықтарын дамыту балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарь белсенділіктерін арттыру Балаларды салауатты өм салтына тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықты жанына келеді. Мысық оянып құстарды қуады. **(дене шынықтыру**)**

	(дене шынықтыру)**	шеңберді үзсе, өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. **(дене шынықтыру**)**			
Серуеннен оралу	**Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті**				
Балалардың үйге қайтуы	**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.**				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС **« ANISSA KIDS »** балабақшасы
Топ: **«Балапан»** ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 22.01-26.01.2024 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 22.01.2024**	**Сейсенбі 23.01.2024**	**Сәрсенбі 24.01.2024**	**Бейсенбі 25.01.2024**	**Жұма 26.01.2024**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. **«Балақай, балабақшаға кіммен келдің? Мақсаты:** Үйдегі жақындарын атап айтқызу, балабақшаға немен келді, айналасында қандай өзгерістер байқағаны туралы айтқызу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).**				

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға кеңес: «Қыс мезгіліндегі ауа-райына бейімделу ерекшеліктері»				
Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру					
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)	**Үстел үсті ойыны:** «Ретке келтіру» **Мақсаты:** балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту. **Ойын шарты:** берілген суреттердің арасынан біреуін таңдайды. **Мысалы:** тоңазытқыштың суретіне; сүт, шұжық, қатық , етті орналастыру. ***(қоршаған ортамен танысу)***	**Үстел үсті ойыны:** «Домино» Жабайы жануарлар. **Мақсаты:** Балалардың жабайы жануарлары туралы білімдерін бекіту: піл, түлкі, аю т.б.жануарлардың ерекшеліктерін атап өту. **Ойын шарты:** Ойын барысында балалар бір-біріне ұқсас жабайы жануарларды тауып бір-біріне тізбектеп жалғау керек. ***(қоршаған ортамен танысу)***	**Үстел үсті ойыны:** «Түрлі түсті дөңгелек» **Мақсаты:** балаларды түстерді салыстыра білуге, білім мен түстер жүйесін нығайтуға үйрету. **Ойын шарты:** балалардың алдына түрлі-түсті дөңгелектер салынған карточка беріледі. Сол дөгелектерге сәйкес түрлі-түсті фишкаларды қойып шығу керек. ***(математика негіздері)***	**Үстел үсті ойыны:** «Түрлі түсті пирамида» **Мақсаты:** шаманы қабылдауды дамыту. **Ойын шарты:** үлкеніне кішісіне қарай пирамиданы жинау. ***(математика негіздері)***	**Үстел үсті ойыны: «Мозайка»** **Мақсаты:** Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әр түрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру. **Ойын атрибуттары:** көлік түрлеріне, әр түрлі ертегілерге байланысты суреттер. **Ойынның барысы:** Балалар үстел үстіндегі әр түрлі суреттердің қиықтарынан (текшелерінен) бір мазмұнды сурет құрастырады. Сурет не жайында екенін әңгімелеп айтады. ***(құрастыру, сөйлеуді дамыту)***
Таңертенгі жатты	**ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затпен орындалады)** **Мақсаты:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.				

	1. «Жоғары». Б.қ.: қолды арт жаққа таяп, орындықта отыру. Қолды екі жақпен жоғары көтеру, жоғарыға қарау. Б.қ.: «төмен», – деу. (6 рет қайталау). 2. «Қара». Б.қ.: Осылайша қолды белге қою. Оңға бұрылу, артқа – б.қ.Осылайша екінші жаққа орындау. (3 рет қайталау.) 3. «Отыр және тұр». Б.қ.: Осылайша қолды артқа қою. Тік тұрып, жоғары қарау – б.қ.Аяқты қозғалтпай. (6 рет қайталау.) 4. «Абай бол». Б.қ.: қолды төмен түсіріп, орындыққа таяу тұру: орындықтың үстіне шығып тұру, орнықты орындықтан түсу. (6 рет қайталау). 5. «Секіру, жүру». Б.қ.: алдыңғы жаттығудағыдай. Екі аяғымен орындық бойына секіру (3-4 м). Бір орында тұрып жүру. (4 рет қайталау).				
Таңғы ас	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Тамақтану** (өз орнын біл дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Тамақтану** (өз орнын біл дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениет қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кей алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұста тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкен сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғ ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)
Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**				
	Саусақ жаттығуы: **«Ағаш»** Аулада ағаш жайқалады,	**Саусақ жаттығуы:** **«Саусақ санау»** Балаға қарама-қарсы отырып, тәрбиеші	**Саусақ жаттығуы** **«Саусақтар жүреді»** Саусақтар жүреді.	**Саусақ жаттығуы:** **«Менің отбасым»** Бас бармақ – ата Сұқ саусақ – әже	**Саусақ жаттығуы:** **«Гүл»** Балалар қолдарын көтеріп, саусақтарын біріктіріп,

	Жап-жасыл оның жапырағы. ***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)***	көрсетіп отырады, қолдарды құлыпқа ұқсатып түйеді. Саусақтарын кезек-кезек создыра көрсетіп, Кел, санайық санамақ, саусақтарға қарап ап. Басбармақ, Балан үйрек, Ортантерек, Шылдыршүмек, Кішкенебөбек. Бала қозғалыстарды қайталайды. ***(дене қозғалысы)***	Екі саусақпен 5-ке дейін тұ және кері санап, алға-артқа жүреді. ***(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)***	Ортан терек – әке Шылдыр шүмек – ана Кішкене бөбек – мен ***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)***	жабылып тұрған гүлдердің бүршіктерін келтіреді. Жайла саусақтарын ашып, алақандарын жайып «гүлдің ашылғанын» көрсету. Төмендегі тақпақты қайталау Міне, гүлдің бүршіктері, Ашылады әдемі. ***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)***
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдасты-рылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Қонаққа құртақан келді» **Мақсаты:** аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; **Ойын:** «Домалаймыз»	**Қазақ тілі** күнделікті өмірде жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың, жабайы жануарлардың аттарын білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; **Сөздік минимум** бір, екі, үш «Жабайы жануарлар» постері. «Жабайы жануарлар» дидактикалық ойын	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы**: «Аяқ күшін нығайтамыз» **Мақсаты:** Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. **Ойын:** «Иттер мен Қарғалар»	**Музыка** **(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)**	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Балақайға тосын сый» **Мақсаты:** Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру **Ойын:** «Бос орын»
	«Жабайы аңдар» **Мақсаты:** Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту. Олардың түрлерін бір-бірінен	**«Тапқыр қоян» ертегісі** **Мақсаты:** Балаларға ертегінің жоспар бойынша мазмұнын айтуды үйрету арқылы	**«Үйшік» ертегісі** **Мақсаты:** балаларды ертегі қойылымына қызығушылығын арттыру. Ормандағы аңдар жайлы,	**«Жабайы аңдар»** **Мақсаты:** 5 шегінде санауды, сандық және реттік санауды, сандарды ажыратуды, " барлығы	**«Кішкентай тиіннің өмірі»** **Мақсаты:** Балаларды жануарлар әлемімен және оның тұрғындарымен таныстыруды жалғастыру;

